

Мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешек туралы есептерді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 461 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3368. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 644 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.12.30 N 644 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 121 және 122-баптарына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешек туралы есептерді жасау және ұсыну ережесі бекітілсін.

2. Есептік және статистика департаменті (Л.И.Парусимова) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын
қ а м т а с ы з е т с і н .

3. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2439 болып тіркелген "Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешек туралы есептерді жасау және беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 23 шілдедегі N 282 бұйрығының күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрық 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і н
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 4 6 1 б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л г е н

Мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешек туралы есептерді жасау және ұсыну ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 121 және 122-баптарына сәйкес әзірленді және мемлекеттік бюджет пен облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің, бағдарламалардың әкімшілері мен

мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешек туралы есептердің нысандарын, кезеңділігін, мерзімін және жасалу мен беру тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде дебиторлық берешек туралы есептердің мынадай: бюджет қаражаттары есебінен қалыптасқан мемлекеттік мекеме мен бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің дебиторлық берешегі туралы есеп жасалатын ДБ-Б (осы Ережеге 1-қосымша);

мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп жасалатын ДБ-Б-жиынтық (осы Ережеге 2 - қосымша) ;

өзге де қаражаттар (тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден, демеушілік және қайырымдылық көмектен, жетіспеушілік және талан-таражға түскен ақша, қызметкерлер алған несиелер бойынша берешек және басқалар) есебінен қалыптасқан мемлекеттік мекеме мен бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің дебиторлық берешегі туралы есеп жасалатын ДБ-П (осы Ережеге 3-қосымша) ;

өзге де қаражаттар есебінен бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп жасалатын ДБ-П-жиынтық (осы Ережеге 4-қосымша) нысандары белгіленеді.

3. Есептерде дебиторлық берешек өткен жылдардың дебиторлық берешегі және ағымдағы жылғы дебиторлық берешек болып бөлінеді.

4. Өткен жылдардың дебиторлық берешегі - ағымдағы жылдың алдындағы жылдарда қалыптасқан мемлекеттік мекеменің берешегі. Дебиторлық берешек туралы есептерде ағымдағы жылдың басындағы өткен жылдардың дебиторлық берешегінің және оның бір бөлігін ағымдағы қаржы жылында өндіріп алған жағдайда, есепті күнгі осы берешек қалдығының мән-жайы көрсетіледі.

5. Ағымдағы жылғы дебиторлық берешек - ағымдағы жылы пайда болған және есепті күні қалыптасқан мемлекеттік мекемеге берешек.

6. Дебиторлық берешек туралы есептер есепті күнге арналған талдамалы бюджет есебінің деректеріне негізделеді.

7. Есептер кіші бағдарлама, бағдарлама, мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша және тұтастай тиісті бюджет бойынша аралық қорытындыны қамтуы тиіс.

8. Есепте барлық құндық көрсеткіштер мың теңгемен көрсетіледі. Есептің бөлшек бөлігінің көрсеткіштері бір ондық белгіге дейін дәлдікпен көрсетіледі және ол бүтін бөліктен үтірмен бөлінеді.

2. Дебиторлық берешек туралы есепті жасау тәртібі

9. ДБ-Б нысаны бойынша дебиторлық берешек туралы есеп былайша
т о л т ы р ы л а д ы :

адрестік бөлікте "Бюджеттің түрі" деректемесі - онда бюджеттік бағдарламаның әкімшісі немесе мемлекеттік мекеме қаржыландырылатын бюджеттің түрі көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деректемесі - онда Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстарының функционалдық сыныптамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің атауы және кодтық белгілеу көрсетіледі;

"Мемлекеттік мекеме" деректемесі - онда Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің атауы және кодтық белгілеу көрсетіледі;

"Кезеңділігі" деректемесі - онда есепті тапсырған кезең (айлық, тоқсандық, жылдық) көрсетіледі;

1-4-бағандарда бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасының кодтары - функционалдық тобы, бағдарламасы, кіші бағдарламасы, ерекшелігі толтырылады;

5-бағанда Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджеттің шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

6-бағанда ағымдағы қаржы жылына бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспары көрсетіледі;

7-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өткен жылдардың дебиторлық берешегі көрсетіледі. 7-бағанда көрсетілетін дебиторлық берешектің сомасы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларының атқарылуы туралы жылдық есепті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі тапсырған сәттен бастап ағымдағы қаржы жылының ішінде өзгермеуі тиіс;

8-бағанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджеттің кірісіне ағымдағы қаржы жылында есептелген дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

9-бағанда өзге негіздер бойынша (сот шешімдері бойынша есептен шығарылған ағымдағы жылда алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) есебінен және басқа) өтелген дебиторлық берешектен алынған сома көрсетіледі;

10-бағанда ағымдағы қаржы жылында оның бір бөлігін өндіріп алғаннан кейін өткен жылдардың дебиторлық берешегінің қалдығы көрсетіледі;

11-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

12-бағанда есепті күнге қалыптасқан жалпы дебиторлық берешек (10 және 11-бағандардың сомасы) көрсетіледі;

13-бағанда белгіленген тәртіппен Аумақтық қазынашылық органдарында тіркелген бюджет қаражаттары есебінен тауарлар мен жұмыстарды (қызметтерді) сатып алуға берушілер мен мердігерлер жасасқан шарттардың талаптарына сәйкес аванстық төлемдердің (алдын ала төлемнің) сомасы көрсетіледі;

14-бағанда қуыну мерзімі өткен дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің активтеріне, материалдық қорларына, ақшасына, есептемелері мен баланстың басқа баптарына түгендеу жүргізілгеннен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен түгендеу актісін жасалғаннан кейін көрсетілген берешек есепке енгізіледі. 14-бағанда көрсетілетін дебиторлық берешектің сомасы 7, 10, 11, 12 және 13-бағандар бойынша көрсетілген дебиторлық берешектің сомасына енгізіледі.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 170 бұйрығымен .

10. ДБ-Б-жиынтық нысаны бойынша есеп ДБ-Б нысандарындағы есептердің негізінде жасалады .

ДБ-Б нысаны бойынша есептің ұқсас көрсеткіштеріне сәйкес келетін ДБ-Б-жиынтық нысаны бойынша есептің адрестік бөлігі мен бағандары осы Ереженің 9-тармағында белгіленген тәртіппен толтырылады.

1-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі.

15-бағанда бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарына алдын ала төлем сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

11. ДБ-П және ДБ-П-жиынтық нысандары бойынша дебиторлық берешек туралы есептердің адрестік бөлігі тиісінше ДБ-Б және ДБ-Б-жиынтық нысандары бойынша есептермен ұқсас толтырылады.

Тиісінше 1-3 және 1-4-бағандарда ДБ-П және ДБ-П-жиынтық нысандары бойынша есептерде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаның мемлекеттік мекеменің иелігінде қалуы есебінен пайда болған берешек бойынша ғана бюджет шығыстарының сыныптамасына және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен Ақылы қызметтер тізіміне сәйкес шығыстардың кодтары көрсетіледі.

ДБ-П және ДБ-П-жиынтық нысандары бойынша есептерді толтыруға өзге де қаражаттар есебінен пайда болған дебиторлық берешек бойынша тиісінше 4 және 5-баған, олар бір бағдарламалық қамтамасыз ету анықталған кодтармен толтырылады .

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 170 бұйрығымен .

11-1. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері теңгерімдерінің есептеу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректер осы

Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай үлгіде т о л т ы р ы л а д ы :

1-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы көрсетіледі;

2-бағанның бағаншаларында әрбір қосалқы шот бойынша есепті кезеңде қалыптасқан дебиторлық берешек сомаларын көрсете отырып, бухгалтерлік есепке алудың қосалқы шоттарының атаулары мен кодтары көрсетіледі;

3-бағанда есепті күнгі жағдай бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша тұтастай алғанда дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

4-бағанда қаржы жылының басында қалыптасқан бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша дебиторлық берешектің жалпы сомасы көрсетіледі;

5-бағанда ағымдағы жылы қалыптасқан дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі (3 және 4 бағандар айырмасы);

"Есепті күнге жиыны" және "Жылдың басына жиыны" деген жолдарда есепті күнге және қаржы жылының басында қалыптасқан әрбір қосалқы шот бойынша тұтастай алғанда дебиторлық берешектің жалпы сомалары көрсетіледі;

"Ауытқу" деген жолда ағымдағы жылы қалыптасқан әрбір қосалқы шот бойынша дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі ("Есепті күнге жиыны» және "Жылдың басына жиыны деген жолдар айырмасы).

Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы N 30 бұйрығымен .

12. Мемлекеттік мекеме немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері таратылған немесе қайта ұйымдастырылған (қосылған және біріктірілген) кезде оларда бар дебиторлық берешек беру актісіне немесе бөлу балансына сәйкес құқықтық мирасқорының дебиторлық берешегі туралы есепте көрсетіледі.

13. Бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстарының функционалдық немесе экономикалық сыныптамасының кодтары өзгерген жағдайда, есепте дебиторлық берешек Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының шығыстары кодтарының өту кестесіне сәйкес шығыстардың жаңа кодтары бойынша көрсетіледі.

14. Бірыңғай бюджеттік сыныптамадан жекелеген бюджеттік бағдарламаларды алып тастаған жағдайда, олар бойынша дебиторлық берешек оларды алып тастаған жылы қолданылған бюджеттік бағдарламалардың кодтары бойынша дебиторлық берешек туралы есептерде ескеріледі

3. Дебиторлық берешек туралы есепті беру тәртібі

15. Дебиторлық берешек туралы есеп қағаз тасығышта және дебиторлық берешек туралы электрондық дерекқор (бұдан әрі - электрондық дерекқор) түрінде беріледі.

16. Қағаз тасығышта дебиторлық берешек туралы есептің деректері электрондық дерекқор түрінде берілетін есепке сәйкес келуі қажет.

Дебиторлық берешек туралы шұғыл есепті ай сайын:

1) мемлекеттік мекемелер - оларға белгіленген мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне;

2) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - қағаз тасығышта және электрондық дерекқор түрде есепіден кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті);

3) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - оларға белгіленген мерзімде жергілікті бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органға;

4) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары - оларға белгіленген мерзімде бюджетті атқару жөніндегі облыстың уәкілетті органына;

5) Қазынашылық органы - қағаз тасығышта және электрондық дерекқор түрінде есепіден кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне;

6) облыстардың, республикалық маңызы бар қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) - электрондық дерекқор түрінде есепіден кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей, қағаз тасығышта расталған есепіден кейінгі айдың соңына дейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға береді.

17. 1 шілдедегі, 1 қазандағы және өткен қаржы жылынан кейінгі жаңа қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша дебиторлық берешек туралы деректер бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалардың қаржыландыру жоспарларының атқарылуы туралы есептерді тапсырғаннан кейін нақтыланады және дебиторлық берешек туралы есеп қайтадан жасалады.

18. Мемлекеттік мекемелер 1 шілдедегі, 1 қазандағы және жаңа қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша дебиторлық берешек туралы нақтыланған есептерді оларға белгіленген мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне береді.

19. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері 1 шілдедегі, 1 қазандағы жағдай бойынша дебиторлық берешек туралы нақтыланған есептерді есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 10-ы күнінен кешіктірмей, жаңа қаржы жылының (өткен

қаржы жылынан кейінгі) 1 қаңтарындағы жағдай бойынша - есепті қаржы жылынан кейінгі екінші айдың 20-сы күніне дейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

20. Қазынашылық комитеті және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін атқару жөніндегі жергілікті атқарушы органдар 1 шілдедегі, 1 қазандағы жағдай бойынша нақтыланған есептерді тиісті кезеңдердегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері теңгерімдерінің есептеу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректермен бірге есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20-ы күнінен кешіктірмей, жаңа қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша - есепті қаржы жылынан кейінгі үшінші айдың 1-і күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне береді.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы N 30 бұйрығымен .

21. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ДБ-Б және ДБ-П нысандар бойынша есептерді береді, оған дебиторлық берешек туралы есептерді жасауға жауапты бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің немесе мемлекеттік мекеменің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қол қояды және ол тиісті органның мөртабанымен расталады.

22. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары ұсынатын КБ-Б-жиынтық және КБ-Ө-жиынтық нысандары бойынша дебиторлық берешек туралы есептер, сондай-ақ осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері теңгерімдерінің есептеу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректерге жергілікті атқарушы органның, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның және олардың жасалуына жауапты оның құрылымдық бөлімшесінің басшылары қол қояды және тиісті жергілікті атқарушы органның мөрімен р а с т а л а д ы .

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы N 30 бұйрығымен .

23. Қазынашылық комитеті ұсынатын КБ-Б-жиынтық және КБ-Ө-жиынтық нысандары бойынша дебиторлық берешек туралы есептер, сондай-ақ осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері теңгерімдерінің есептеу баптары бойынша дебиторлық берешектің жағдайы туралы талдамалы деректерге Қазынашылық комитетінің, олардың жасалуына жауапты оның құрылымдық бөлімшесінің басшылары қол

қояды және Қазынашылық комитетінің мөрімен расталады.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы N 30 бұйрығымен .

24. Дебиторлық берешек туралы есепте есепті жасауға жауапты бірінші басшының және құрылымдық бөлімше басшысының қолдарымен қатар қолдардың таратылып жазылған түрі (тегі және аты) болуы қажет.

25. Дебиторлық берешек туралы есептер орындаушы туралы мәлімет көрсетіле отырып, бірінші басшы қол қойған ресми бланкіде жасалған хатпен жіберіледі.

26. Дебиторлық берешек туралы есепке есепті жасауға жауапты бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, мемлекеттік мекеменің және құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қойған түсіндірме жазба қоса беріледі, онда бюджет қаражаттары есебінен әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша дебиторлық берешектің, өзге де қаражаттар есебінен дебиторлық берешектің, қаржы жылының басындағы берешектің, есепті күнге ағымдағы қаржы жылындағы берешектің пайда болу себептеріне түсінік, аванстық төлемдер сомасына және қуыну мерзімі өткен берешектің сомасына түсінік беріледі.

27. Республикалық бюджеттің дебиторлық берешегі және өзге де қаражаттар есебінен пайда болған берешек туралы айлық (шұғыл) есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есептіден кейінгі екінші айдың 1-і күнінен кешіктірмей, мемлекеттік қаржы бақылау органы мен бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган 1 шілдедегі, 1 қазандағы және жаңа қаржы жылының (қаржы жылы өткеннен кейінгі) 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақтыланған есепті - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне Қазынашылық комитеті нақтыланған есепті осы Ереженің 20-тармағында белгіленген беру мерзімінен кейін бес жұмыс күні ішінде ай сайын қолдарды растамай-ақ іліспе хатпен береді.

28. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі туралы есептер (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) мен өзге де қаражаттар есебінен пайда болған дебиторлық берешек туралы жиынтық есептерді ДБ-Б-жиынтық және ДБ-П-жиынтық нысандары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

29. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) мен өзге де қаражаттар есебінен пайда болған дебиторлық берешек туралы айлық (шұғыл) есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есептіден кейінгі екінші айдың 1-і күнінен кешіктімей, бюджетті жоспарлау және ішкі бақылау

жөніндегі орталық уәкілетті орган 1 шілдедегі, 1 қазандағы және жаңа қаржы жылының (қаржы жылы өткеннен кейінгі) 1 қаңтарындағы жағдай бойынша нақтыланған есепті - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне Қазынашылық комитеті мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары нақтыланған есептерді осы Ереженің 20-тармағында белгіленген беру мерзімінен кейін бес жұмыс күні ішінде ай сайын қолдарды растамай-ақ іліспе хатпен береді.

30. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің басшылары дебиторлық берешек туралы есептердің уақтылы берілуіне және дебиторлық берешек туралы есептерде сенімсіз деректерді бергеніне жауапкершілікте болады.

Мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешек туралы есептерді жасау және ұсыну

ережесіне 1-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 170 бұйрығымен .

ДБ-Б нысаны

200__ 1_____ арналған

(мемлекеттік мекеменің/бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

дебиторлық берешек туралы есебі

Бюджеттің түрі _____
 Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі _____
 Мемлекеттік мекеме _____
 Кезеңділігі _____
 Өлшем бірлігі _____

Бюджеттік сыныптаманың кодтары				Атауы	Ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары
Функц. топ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Ерекшелігі		
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Берешектің барлығы					
--------------------	--	--	--	--	--

өткен берешегі	жылдардың			ағымдағы жылдағы берешегі	Жиыны (10-баған + 11-баған)	оның ішінде	
	ағымдағы өтелген шектің сомасы	жылдағы берешегі	ағымдағы жылдағы өтеу есепке алынған қалдық (7-баған-8-баған - 9-баған)			аванстық төлемдердің (алдын ала төлемнің) сомасы	оның ішінде
жылдың басында	бюджет кірісіне есептеледі	өзге негіздер бойынша					куыну мерзімі өткен берешектің сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14

Мемлекеттік мекеменің/ _____
 бюджеттік бағдарлама _____ (қолы) _____ (қолды таратып жазу)
 әкімшісінің _____ басшысы
 М.О.

Есепті жасауға жауапты
 мемлекеттік мекеменің
 құрылымдық бөлімшесінің/
 бюджеттік бағдарламалар
 әкімшісінің басшысы _____
 (қолы) (қолды таратып жазу)

Мемлекеттік мекемелердің
 дебиторлық берешек туралы
 есептерді жасау және ұсыну

ережесіне 2-қосымша

**Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің
 2005 жылғы 4 мамырдағы N 170 бұйрығымен .**

ДБ-Б жиынтық нысаны

200_жылға арналған 1 _____

(мемлекеттік, республикалық бюджет, облыстың, республикалық
 маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар
 қаланың) бюджеті)

дебиторлық берешек туралы есебі

Кезеңділігі _____

Өлшем бірлігі _____

--	--	--	--

Бюджеттік сыныптаманың кодтары					Атауы	Ағымдағы қаржы жылына бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары	Берешектің барлығы
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Функц. топ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Ерекшелігі			
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Берешектің барлығы							
өткен жылдардың берешегі			ағымдағы жылғы берешек	Жиынды (11-баған +12-баған)	оның ішінде		
ағымдағы өтелген шектің сомасы	жылы берешегі	ағымдағы жылда өтеу есепке алынған қалдық (8-баған-9-баған -10-баған)			аванстық төлемдердің (алдынала төлемнің) сомасы	% , 14-баған/7-баған *100	оның ішінде
бюджет кірісіне есептелді	өзге негіздер бойынша						қуыну мерзімі өткен берешектің сомасы
9	10	11	12	13	14	15	16

Қазынашылық комитетінің басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Жергілікті атқарушы органның басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті

органның басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Е с е п т і ж а с а у ғ а ж а у а п т ы

Қ а з ы н а ш ы л ы қ к о м и т е т і

құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Е с е п т і ж а с а у ғ а ж а у а п т ы

б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і

ж е р г і л і к т і у ә к і л е т т і о р г а н н ы ң

құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Мемлекеттік мекемелердің
дебиторлық берешек туралы
есептерді жасау және ұсыну

ережесіне 3-қосымша

**Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің
2005 жылғы 4 мамырдағы N 170 бұйрығымен .**

ДБ-П нысаны

200_жылға арналған 1 _____

(мемлекеттік мекеменің/бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы)
дебиторлық берешегі туралы есебі

Бюджеттің түрі _____

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі _____

Мемлекеттік мекеме _____

Кезеңділігі _____

Өлшем бірлігі _____

Функц. топ	Бағдар- лама	К і ш і бағдар- лама	Ақылы қызмет- тердің коды	Ақылы қызмет- тердің және өзге де көз- дердің атауы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Берешектің барлығы				
ө т к е н б е р е ш е г і			ж ы л д а р д ы ң	о н ы ң і ш і н д е
	ағымдағы өтелген шектің сомасы	жылы бере- жылы	ағым- дағы жылда	о н ы ң і ш і н д е

жыл- дың ба- сын- да	бюджет кірі- сіне есеп- телді	өзге негіздер бойынша	өтеу есепке алын- ған қалдық (6-ба- ған - 7 -баған - 8 - баған)	ағым- дағы жылғы бере- шек	Жиыны (9 - баған + 10 - баған)	аван- стық төлем- дердің (алдын ала төлем- нің) сомасы	қуыну мер- зімі өткен бере- шектің сомасы
6	7	8	9	10	11	12	13

Мемлекеттік мекеменің/ _____
 бюджеттік бағдарлама _____ (қолы) _____ (қолды таратып жазу)
 әкімшісінің _____ б а с ш ы с ы
 М.О.

Есепті _____ ж а с а у ғ а _____ жауапты
 мемлекеттік _____ мекеменің
 құрылымдық _____ бөлімшесінің/
 бюджеттік _____ бағдарламалар
 әкімшісінің басшысы _____
 (қолы) _____ (қолды таратып жазу)

Мемлекеттік мекемелердің
 дебиторлық берешек туралы
 есептерді жасау және ұсыну
 ережесіне 4-қосымша

**Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің
 2005 жылғы 4 мамырдағы N 170 бұйрығымен .**

ДБ-П жиынтық нысаны
 200_жылға арналған 1 _____

(мемлекеттік, республикалық бюджет, облыстың, республикалық
 маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар
 қаланың) бюджеттері)

дебиторлық берешек туралы есебі

Кезеңділігі _____
 Өлшем бірлігі _____

Бюджеттік бағдарла-	Функц. топ	Бағдар- лама	К і ш і бағдар- лама	А қ ы л ы қ ы з м е т -	А қ ы л ы қ ы з м е т т е р - д і ң ж әне ө з г е д е
------------------------	---------------	-----------------	----------------------------	----------------------------	--

малардың әкімшісі				тердің коды	көздер- дің атауы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Берешектің барлығы							
өткен берешегі		жылдардың			оның ішінде		
жыл- дың ба- сын- да	ағымдағы жылда өтеу есепке алын- ған қалдық		ағым- дағы жылда өтеу есеп- ке алын- ған қал- дық (7-ба- ған - 8 - ба - ған - 9 - ба - ған)	ағым- дағы жылғы бере- шек	Жиы- ны (10- ба- ған + 11- ба- ған)	аван- стық төлем- дердің (алдын ала төлем- нің) сомасы	оның ішінде куыну мер- зімі өткен бере- шектің сомасы
	бюд- жет кірі- сіне есеп- те- лді	өзге негіздер бойынша					
7	8	9	10	11	12	13	14

Қазынашылық комитетінің басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Жергілікті атқарушы

органның басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі

жергілікті уәкілетті

органның басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Есепті жасауға жауапты

Қазынашылық комитеті

құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Есепті жасауға жауапты

бюджетті атқару жөніндегі

жергілікті уәкілетті органның

құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Мемлекеттік мекемелердің
дебиторлық берешек туралы
есептерді жасау және ұсыну
ережесіне 5-қосымша

Ескерту: 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы
26 қаңтардағы N 30 бұйрығымен .

**Республикалық/жергілікті бюджеттік бағдарламалар
әкімшілері теңгерімдерінің есептеу баптары бойынша
дебиторлық берешектің жағдайы туралы
200__жылғы_____арналған**

талдамалы деректер

Бюджеттің түрі - _____
Мерзімділігі - тоқсандық, _____ жылдық
Өлшем бірлігі - мың теңге

ББӨ атауы	Қосалқы шоттар			Есепті күнге	Жылдың басына	Жылдың басымен салыстырғанда ауытқу
	N_	N_	N_			
1	2			3	4	5
1.						
2.						
...						
Есепті күнге жиыны						
Жылдың басына жиыны						
Ауытқу						

Қазынашылық
атқару жөніндегі
уәкілетті органның

М.О _____
(қолы)

комитетінің/бюджетті
жергілікті
басшысы

(қолтаңбаның толық жазылуы)

Қазынашылық комитеті
бөлімшесінің/деректерді

құрылымдық
жасауға

жауапты,
жөніндегі
органның басшысы

бюджетті
жергілікті

атқару
уәкілетті

(қолы)

(қолтаңбаның толық жазылуы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК